

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 наурыздағы N 353 және 2000 жылғы 17 наурыздағы N 412 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 10 шілде N 1041

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Заттай нысанда роялти төлеу туралы және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 наурыздағы N 353 P000353 _ қаулысына:

кіріспе "көктемгі дала" деген сөздерден кейін "және егін жинау" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы құзыретті орган ретінде Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп:

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес көмірсутекті шикізатты жер қойнауын пайдаланушылардың роялти есептеу кезінде, жер қойнауын пайдаланушылардың төлейтін роялти есебіне шикі мұнай көлемін "Мұнай-Импекс" ЭИФ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - Мұнай-Импекс) беруді қамтамасыз етсін;

жер қойнауын пайдаланушылармен келісім бойынша Қосымша келісімдерде жер қойнауын пайдаланушылардың роялти төлеу есебіне шикі мұнай көлемін беруге белгіленген келісім-шарттағы мерзімдерден ерекше, неғұрлым ерте мерзімдерді белгілесін";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлеуді бүкіл жыл бойына заттай нысанда жүргізсін.";

2-тармақтағы:

"БДБ" деген сөз алынып тасталсын;

1)-тармақшадағы "Қосымша келісімнің ережелеріне сәйкес" деген сөздер "кейін олардың сатылуымен" деген сөздермен ауыстырылсын.

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Мұнай-Импекстің бюджетке ақшалай түрде роялти төлемінің

мерзімін 2000 жылғы 1 қарашаға дейін ұзартуға рұқсат берсін";

1) және 2)-тармақшалардағы "БДБ" деген сөз алынып тасталсын;

5-тармақтың 1)-тармақшасындағы "көктемгі дала" деген сөздер "Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жанар-жағармай материалдарын сатудың бағаларын айқындауға арналған ведомствоаралық комиссиямен келісім бойынша көктемгі дала және егін жинау жұмыстарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

Мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі жер қойнауын пайдаланушылар роялти төлемінің есебіне төлейтін шикі мұнай көлемін сатуы кезінде "Мұнай-Импекс" ЭИФ" ЖШС үшін мұнай тасымалдауға арналған ішкі тарифтерді қолданатын болсын.";

2) "Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 наурыздағы N 412 P000412_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 16, 159-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жанар-жағармай сатудың ережелеріне:

1, 7-тармақтардағы "көктемгі дала" деген сөздерден кейін "және егін жинау" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Мұнай және газ өнеркәсібі бас диспетчерлік басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - БДБ) мен" деген сөздер алынып тасталсын;

8 және 9-тармақтардағы "БДБ" сөз алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне

жанар-жағармай сатудың бағасын айқындауға арналған ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

1-тармағындағы "көктемгі дала" деген сөздерден кейін "және егін жинау" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекітетін жанар-жағармай материалдарының жоғарғы лимиттері көлемдерін келісу.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне жанар-жағармай материалдарын сатудың бағаларын айқындауға арналған Ведомствоаралық комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Шырдабаев

- Қазақстан Республикасы Энергетика,

Жексен Мағауияұлы индустрия және сауда министрлігі
Мұнай және газ департаментінің
директоры

Қасымов Борис - "Қазагро" Қазақстан республикалық
Ибрагимұлы фермерлер қауымдастығының
президенті;

көрсетілген құрамнан Айдар Сағадатұлы Демеуов шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.